



МӘЖІЛІС МІНБЕРІ:

Заң қабылдау сапасы артты ма?

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №6 (6684) 20 қаңтар, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

САНАТ

СЫРДАҒЫ САЛИҚАЛЫ ЖИЫН

Ұлттық құрылтайдың V отырысы басталды

Ұлттық құрылтайдың V отырысы бүгін Қызылорда қаласында өтіп жатыр. Өзінің өміршеңдігін дәлелдеген елдік деңгейдегі алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, еліміздің келешек даму бағдары мен қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде ойларын ортаға салды. Сырдағы салиқалы басқосуға мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектордың, бизнес, сараптамалық қауымдастықтың, қоғамдық кеңестердің өкілдері және жалындаған ойлы жастар да қатыспақ.



Нұржамал Әліш

Жалпы, Құрылтай шақыру – қазақ қоғамында ықылым заманнан бар десек, қателеспейміз. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлт ретінде жүріп өткен тарихи жолында маңызды тарихи шешімдер қабылданғаны да мәлім. 2022 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай бүгінде елдегі демократиялық өзгерістердің пәрменді құралына, ашықтыққа, инклюзивтілікке және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына негізделген қоғамдық диалог жүйесін түбегейлі жаңғыртудың айқын көрінісіне айналғаны сөзсіз.



Қолжазба жасаған Нұрболсын ӨРІСҮЛЫ.

3

ТУРИЗМ

АЛАТАУ – ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

Испанияның беделді Viajar туристік журналы Алматыны ең бірегей таулы қалалардың қатарына қосты. Тау бөктерінде орналасқан әрі қала орталығынан тау шаңғысы трассаларына жылдам жетуге болатын әлемдегі ең бірегей бес қаланың қатарында Инсбрук, Гренобль және Зальцбург секілді танымал еуропалық бағыттар бар.



Дана САДЫРҚАН



Басылым Алматыны қысқы және белсенді туризмге қолайлы инфрақұрылымы дамыған қала ретінде сипаттаған. Әсіресе, Шымбұлақ тау шаңғысы курорты мен теңіз деңгейінен 3 мың метрден асатын биіктікке көтеретін аспалы жол, сондай-ақ әлемдегі ең биік таулы ашық мұз айдыны орналасқан Медеу кешені ерекше атап өтілген.

Материал Viajar журналы өкілдерінің Almaty Tourism Bureau қолдауымен Алматыға жасаған сапары нәтижесінде дайындалған. Мақала қаланың табиғи көркі, мәдени және гастрономиялық әлеуетін айқындап, Алматының жыл бойы саяхаттауға қолайлы халықаралық туристік бағыт ретіндегі беделін арттыра түсті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ:

Заң қабылдау сапасы артты ма?

«Алматы ақшамы» газеті Парламент жұмысын ұдайы назарда ұстап, ондағы фракциялардың, депутаттардың белсенділігін жіті қадағалап келеді. Желтоқсанда Парламент Мәжілісі IV сессия аясындағы жұмысын аяқтады. Алда әлі сессия жұмысын жартысы болса да, депутаттар жылды белсенді қорытындылады. Бұған дейінгі кезеңдермен салыстырғанда, қабылданған заңдардың саны, комитеттердің жұмысы және жолданған депутаттық сауалдардың саны да көп. Кезекте Мәжілістің жұмысына қатысты осы және өзге де тақырыптарға тоқталамыз.

Мәжілістің VIII шақырылымы сессиядан сессияға белсенділігі артқан. Мысалы, қабылданған заң жобаларын салыстырып көрейік. Ол үшін Мәжілістің ресми сайтында жарияланған жұмыс қорытындыларында келтірілген сандық көрсеткіштер салыстырылды. Талдау объективті болуы үшін әр сессияның тек жартысын қамтитын қыркүйек-желтоқсан айлары кезеңінен алынды.

2023 жылы Мәжіліс 35 заң жобасын қабылдаса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 37-ге артқан. Ал 2025 жылы қабылданған заң жобалары 47-ге өскен. Сондай-ақ, төмендегі кестеде заң жобаларының салалар бойынша бөлінісі келтірілген. 2023 және 2024 жылдары қаржы, салық, кредит және кеден мәселелері бойынша заң жобалары көбірек қабылданған. Ал 2025 жылы ұлттық қауіпсіздік, сот, әділет, прокуратура мен қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері аясында заң жобалары көбірек жұмыс істеген.

ТОП-5 салалық заң жобалары	2023 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 35	2024 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 37	2025 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 47
№1	Қаржы, салық, кредит және кеден – 9	Қаржы, салық, кредит және кеден – 11	Ұлттық қауіпсіздік, сот, әділет, прокуратура мен қоғамдық тәртіпті қорғау – 13
№2	Шаруашылық қызметті мемлекеттік реттеу – 7	Мемлекеттік құрылыс мәселелері – 5	Қаржы, салық, кредит және кеден – 5
№3	Мемлекеттік құрылыс мәселелері – 4	Білім, ғылым және мәдениет – 5	Білім, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және туризм – 5
№4	Білім, ғылым және мәдениет – 4	Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қорғау – 4	Цифрлық орта және ақпарат – 5
№5	Қоршаған ортаны, жануарлар дүниесін қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану – 3	Шаруашылық қызметті мемлекеттік реттеу – 3	Мемлекеттік құрылыс мәселелері – 4

Комитеттер арасындағы бөліністе де біркелкі ширақтық байқалмайды. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті 2023 жылдан бері ең белсенді жұмыс істеп келеді. Керісінше, Аграрлық мәселелер комитеті белсенділігі өте төмен. Төмендегі кестеде комитеттер мен олардың төрағалары, сондай-ақ жыл сайынғы белсенділік көрсеткіштері көрсетілген. Комитет төрағалары мен олардың қай фракцияда болғаны партиялардың да қаншалықты белсенді екенін көрсетеді.

Комитеттер мен төрағалары	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
Аграрлық мәселелер (С.Егізбаев, «Ауыл» фракциясы)	6	6	5
Заңнама және сот-құқықтық реформа (С.Имашева, «АМАНАТ» фракциясы)	21	19	32
Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік (Айгүл Құспан, «АМАНАТ» фракциясы)	12	16	10
Әлеуметтік-мәдени даму (А.Аймағамбетов, «АМАНАТ» фракциясы)	19	15	22
Қаржы дәне бюджет (Т.Савельева, «АМАНАТ» фракциясы)	15	18	20
Экология мәселелері және табиғат пайдалану (Е. Жаңбыршин, бір мандатты округ, «АМАНАТ» фракциясы)	15	14	23
Экономикалық реформа және өңірлік даму (Н.Сабильянов, «АМАНАТ» фракциясы)	18	21	20

«АМАНАТ» алда тұр

Мәжілістегі партиялық фракциялардың белсенділігін анықтаудың тағы бір белгісі олардың жолдаған сауалдары болып саналады. 2023 жылдан бері билеуші партия «АМАНАТ» бұл көрсеткіш бойынша көш бастап келеді. Фракция депутаттары 2024 жылмен салыстырғанда (84) былтыр қыркүйек-желтоқсан аралығында (102) көбірек сауал жолдаған. Алайда, 2023 жылғы көрсеткішке (113) жете алмады.

Екінші орынға «Ақ жол» фракциясы жайғасқан. Олар 2025 жылы 27 сауал жолдаған. Бірақ «ақжолдықтар» да 2023 жылғы көрсеткішке жете қоймады. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады? Жалпы, Мәжіліс 2023 жылы белсендірек жұмыс істеген. Сауал жолдаудан «ЖСДП» мен «Respublika» көш соңында қалған. Төмендегі кестеде осы және өзге де сандық көрсеткіштерді жинадық.

Фракциялар	2023 ж. (234)	2024 ж. (164)	2025 ж. (199)
«АМАНАТ»	113	84	102
«Ақ жол»	33	20	27
«ҚХП»	24	14	18
«Ауыл»	19	20	20
«ЖСДП»	11	8	9



«Respublika»	9	7	10
Бір мандатты округтар	25	11	13

Комитеттер бойынша қарайтын болсақ, Әлеуметтік-мәдени даму комитеті сауал жолдаудан өзгелерге қарағанда белсендірек жұмыс істеген. «АМАНАН» партиясы фракциясының мүшесі депутат А.Аймағамбетов бастаған комитет депутаттары 2025 жылы 43 сауал жолдаған. Мұндай жоғары көрсеткіш 2023 жылдан бері байқалады. Ал Аграрлық мәселелер жөніндегі комитет белсенділігі төмендеу.

Комитеттер	2023 ж. (234)	2024 ж. (164)	2025 ж. (199)
Аграрлық мәселелер	22	12	16
Заңнама және сот-құқықтық реформа	40	30	32
Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік	17	20	20
Әлеуметтік-мәдени даму	53	34	43
Қаржы дәне бюджет	42	28	31
Экология мәселелері және табиғат пайдалану	33	19	23
Экономикалық реформа және өңірлік даму	27	21	34

Азаматтар жүгінетін орган

Мәжілістің VIII шақырылымы азаматтар ең көп жүгінетін мемлекеттік орган. Мұны депутаттарға түскен азаматтардың өтініштерінен көруге болады. 2023 жылдан бері онлайн және офлайн өтініштердің саны артқан.

Төмендегі кестеде онлайн өтініштердің сандық және сапалық көрсеткіштері келтірілген. 2023 жылы Мәжіліске 11 мыңнан астам өтініш келіп түссе, 2025 жылы олардың саны 16 мыңнан асқан. Өтініштердің басым көпшілігі сот төрелігі және құқықтық тәртіп мәселелерін қамтиды. Бұдан бөлек, азаматтарды әлеуметтік мәселелер толғандырады.

ТОП-3 мәселе	2023 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 11 074	2024 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 9742	2025 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 16 634
№1	Сот төрелігі және құқықтық тәртіп – 4092	Сот төрелігі және құқықтық тәртіп – 5801	Сот төрелігі және құқықтық тәртіп – 5313
№2	ТКШ, тұрғын үй беру және құрылыс – 1278	Қаржы және кредит – 967	Заң жобалары бойынша ұсыныстар – 4358
№3	Әлеуметтік мәселелер – 1235	Мемлекеттік басқару – 425	Әлеуметтік мәселелер – 2683

Мәжілістің қоғамдық қабылдау институты да белсенді жұмыс істеуде. 2023 жылы Мәжіліс қабырғасына 1,1 мың өтінішпен азаматтар келсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1,3 мыңға артқан. Олардың басым көпшілігі сот актілерімен келіспеу болып саналады. Яғни сот жүйесіне шағым көп түседі.

ТОП-3 мәселе	2023 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 1186	2024 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 600	2025 ж. (қыркүйек-желтоқсан) – 1342
№1	Тұрғын үй алу, қарызды өтеу	Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот актілерімен келіспеу – 22%	Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот актілерімен келіспеу – 24,2%
№2	Азық-түлік және оған жатпайтын тауарлар мен коммуналдық қызмет бағасының өсуі	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу – 15%	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мәселелері бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу – 23,3%
№3	Жергілікті атқарушы органдардың жұмысына шағымдар	Әлеуметтік мәселелер – 14%	Әлеуметтік мәселелер – 14,5%

Қорыта келе, Мәжіліс депутаттары IV сессия аясында белсенді жұмыс істеген деп ой түюге болады. Дегенмен, фракциялар мен комитеттер арасында белсенділік біркелкі емес екенін айта өткен жөн.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.





САНАТ

СЫРДАҒЫ САЛИҚАЛЫ ЖИЫН

Ұлттық құрылтайдың V отырысы басталды

(Басы 1-бетте)

Кеше Ұлттық құрылтайдың «Азаматтық қоғам», «Мәдениет. Өнер. Руханият», «Әлеуметтік-экономикалық даму», «Білім және ғылым» сынды төрт жұмыс секциясының пленарлық отырысы өтті. Мәселен, «Әлеуметтік-мәдени даму» секциясының отырысында ҚР Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Ұлттық балалар кітапханасы мәселесі туралы ойын білдірді. Министр еліміздегі кітапханаларда, әсіресе, балаларға арналған әдебиеттердің тапшылығы өткір проблема болып отырғанын ашық айтты. Оның сөзінше, кейінгі отыз жылда кейбір авторлардың кітаптары атауы өзгертіліп, қайта-қайта басылғанымен, мазмұндық тұрғыда жаңа әрі сұранысқа ие шығармалар жеткіліксіз.

Ал «Білім және ғылым» секциясының отырысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Қолжетімділік, сапа, оқытушы әлеуеті, есептеу инфрақұрылымы, индустриямен байланыс және ғалымның әлеуметтік мәртебесі бір жүйеге айналғанда ғана білім мен ғылым ұлттық қуатқа айналады», – деді.

«Экономикалық даму» секциясының басқосында депутат Нұртай Сабильянов кәсіпкерлер мәселесін көтеріп, бүгінгі құрылтайда бизнеске мемлекеттен көрсетілер қолдауды бір жүйеге келтіріп, цифрлық платформа жасауды ұсынатынын жеткізді.

Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетіні тарихи әрі саяси тұрғыдан терең мәнге ие дейді сарапшылар. Себебі, осыдан 100 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы болған Сыр өңірі мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланысты. Осы тұрғыда ел тағдырына қатысты шетін мәселелердің дәл осы облыста талқыланыуы артық емес, қайта мемлекеттік саясаттың символдық маңызын арттырары анық.

Иә, Сыр өңірінің орны айрықша. Қорқыт ата мұрасы, көне қалалар мен Байқоңыр ғарыш айлағы осы өңірдің рухани әрі геосаяси әлеуетін айшықтай түседі. Қазіргі күні Қызылорда облысында әлеуметтік-экономикалық даму бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аймақта жаңа әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық нысандар пайдалануға беріліп, құрылыс қарқыны тұрақты сипат алды. Сонымен қатар, өңірде білім беру, мәдениет және спорт салалары қатар дамып, халыққа қолжетімді орта қалыптастыруға басымдық берілуде. Экономикалық даму да әлеуметтік және рухани жаңғырумен ұштасып отыр.

Жалпы, осы уақытқа дейін өткен төрт отырыстың нәтижесінде, яғни Құрылтайда көтерілген мәселелер негізінде жалпы саны 26 заң қабылданды. Тағы 10-ы әзірленіп жатыр. Бұл – Ұлттық құрылтайдың жәй пікірталас алаңы емес, нақты шешімдер қабылданатын, қоғам сұранысы заңнамалық деңгейде іске асатын ықпалды институт екенін дәлелдейді.

Сыр еліндегі бесінші отырыста Парламенттік реформа тақырыбы, жасанды интеллект, цифрландыру туралы, қоршаған ортаны қорғау және өзге де өзекті мәселелер талқыланады деген болжам бар.

БЮДЖЕТ ПЕН БИЗНЕС

Қалалық тапсырыс кімге бұйырады?



Дана САДЫРҚАН

Алматыда ішкі құндылықты дамыту, соның ішінде отандық кәсіпкерлікті қолдау жөнінде Алматы қаласы әкімдігі, мемлекеттік органдар және бизнес өкілдерінің ашық кездесуі өтті. Кездесу барысында қаланың жергілікті өндірістегі тауарлар мен материалдарға деген қажеттілігі, сондай-ақ отандық компаниялардың қалалық жобаларды жүзеге асыруға қатысу мүмкіндіктері талқыланды. Жиын Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұловтың төрағалығымен өтті.

ОТАНДЫҚ ЖАҢА ӨНДІРІС

«Almaty Business-2025» өңірлік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында Алматыда сэндвич-панельдер шығаратын жаңа өндіріс құру жөніндегі инвестициялық жоба қолға алынды. Жобаны «Алматы» ӘКК» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Almaty Finance» ЖШС қаржыландырды.



Дана БОЛАТҚЫЗЫ

«East Star Com.kz» ЖШС-не 2025 жылы желтоқсанда 7 жыл мерзімге жылдық 6% жеңілдетілген мөлшерлемен 480 млн. теңге көлемінде қаржы берілді. Жобаның

жалпы инвестиция көлемі – 1,5 млрд. теңге, оның ішінде 1 млрд. теңге компанияның өзінің қаржысы.

Өндірістік кешен Алматының Индустриялық аймағында («Алматы» ӘКК» еншілес ұйымы) орналастырылады. Жоба аясында бір ауысымда 3000 шаршы метрге дейін өнім шығаратын заманауи техно-

логиялық желі сатып алынып, іске қосылды. Сэндвич-панельдер өрт және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары талаптарына сай келетін, өз өндірісіндегі минералды жылу оқшаулағыш материалдарды пайдалана отырып дайындалады, мектептер, ауруханалар мен тұрғын үйлерді қосқанда, коммерциялық және әлеуметтік құрылыс саласында қолданылады.

Жобаның жүзеге асырылуы Алматыдан бөлек, еліміздің өзге де өңірлерінің құрылыс нарығын отандық құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп, импорттың үлесін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Алматы Индустриялық аймағындағы жобаларды қолдау – қаржыландырудың басым бағыттарының бірі. Қаланың өнеркәсібін дамытумен қоса, бұл жоба 33 жаңа жұмыс орнын құрып, 7 жыл ішінде бюджетке шамамен, 490 млн. теңге салық түсімін қамтамасыз етеді», – деді «Almaty Finance» ЖШС басқарма төрағасы Ерлан Егембердиев.

ЕҢБЕК ТЕРАПИЯСЫ

Алматыда тігін-тоқыма шеберханасы ашылды

Алматы қаласы Әуезов ауданындағы «Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығында бірегей еңбек терапиясы кабинеті ашылды. Жоба мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек дағдыларын дамытуға және қоғамға бейімделуіне бағытталған.



Ернұр РЫСБАЙ

– Шеберхана үшін шамамен 40 шаршы метрді құрайтын жеке бөлме бөлінді. Мұнда арнайы тігін машиналары орнатылып, бу генераторы қойылды, мата мен тігін фурнитурасы сатып алынды. Сабақтарды білікті педагог-еңбек терапевті жүргізеді. Еңбек терапиясы оңалту мен абилитация жүйесінде маңызды орын алады. Қатысушылар матамен жұмыс істеп, сөмкелер, доптар және өздері пайда-

лануға немесе жақындарына сыйлауға болатын басқа да пайдалы бұйымдар жасайды. Алдағы уақытта қызмет алушыларымыздың өнімдерін кеңінен таныстыру үшін жәрмеңке ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз, – деді ашылу салтанатында Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов.

«Парасат» әлеуметтік қызметтер орталығының директоры Нұрғайым Дүйсенбаева да шеберхананың маңызын атап өтті.

– Бұл шеберхана жаңа тартылыс нүктесіне айналады. Біздің мақсатымыз – өз бетінше өмір сүруге немесе еңбек қызметіне қажет практикалық дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ қарым-қатынас жасауға жағдай туғызып, өзіне деген сенімділікті арттыру, – деді ол.

«Парасат» орталығында 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі



шектеулі балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар азаматтарға әлеуметтік, медициналық, психологиялық және педагогикалық қызметтердің кең спектрі көрсетіледі.



ТЕҢДЕССІЗ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҚ

Мегаполисте жұқпалы ауруларға арналған ғылыми орталық ашылды. Мұндай айтулы іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова және Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.

**Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ**

Жаңа орталық жәй ғана медициналық нысан емес, стратегиялық маңызы бар жоғары технологиялық орталық саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен құрылған бұл мекеме еліміздің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тірегіне айналмақ. Орталық жұқпалы аурулардың алдын алу, емдеу және төтенше биологиялық жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндіктерін едәуір арттырады.

Ашылу салтанатындағы сөзінде Аида



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



Ғалымқызы жаңа орталықты еліміздің медицина саласындағы үлкен жетістік деп бағалады.

– Бұл орталық жәй ғана медициналық мекеме емес, заманауи қазақстандық медицинаның жаңа белесі болады деп сенемін. Бұл орталық ұлт денсаулығын сақтауға, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға және отандық медициналық ғылымды дамытуға зор үлес қосары анық, – дей келіп, ұжым жұмысына табыс тіледі.

350 төсек-орынға есептелген орталық жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен келетін шамамен 2,5 мың науқасқа медициналық және диагностикалық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Мұнда ғылыми зерттеулер, озық технологиялар мен болашақ мамандарды даярлау бағыттары бір жүйеге біріктірілген.

Ұлттық ғылыми жұқпалы аурулар ор-

талығының директоры Мәлік Әденовтің айтуынша, нысан халықаралық инфекциялық бақылау стандарттарына толықтай сай келеді.

– Мұндай деңгейдегі ғимарат ТМД елдері арасында алғаш рет бой көтеріп отыр. Бұрынғы орталықпен салыстырғанда қабылдау мүмкіндігі бірнеше есе арты. Жаңа орталықта заманауи құрал-жабдықтар орнатылып, науқастарға барлық қажетті жағдай қарастырылған. Соңғы бес жылда туберкулезге шалдығу деңгейі 27 пайызға төмендеді. Ал өлім-жітім көрсеткіші 52 пайызға азайды. Былтырғы есеп бойынша 100 мың адамға шаққанда өлім-жітім бір ғана жағдайды құрады. Соңғы екі жылда жасөспірімдер мен балалар арасында туберкулезден қайтыс болу дерегі тіркелген жоқ, – деді орталық басшысы Мәлік Молдабекұлы.

ӘЛЕМ ТАП КЕЛГЕН МӘСЕЛЕ

Алматыға кіру ақылы болуы керек пе?

Әлемдегі түгел дерлік мегаполисте ауа сапасына қатысты экологиялық мәселелер бар. Екі миллионнан астам тұрғыны бар еліміздің оңтүстік астанасында да бұл проблемалар өзекті. Зерттеулер нәтижесіне сәйкес, шаһарда жылына 189 мың тонна зиянды шығарындылар бөлінеді. Оның ішінде 112,7 мың тоннасы автокөліктерге тиесілі және зиян газдардың таралуына негізінен экологиялық санаты төмен көліктер себеп болып отыр. Осыған орай, Қалалық мәслихат өткен айда атмосфералық ауаны қорғау қағидаларын бекітті.

күшейтіледі, төмен шығарындылар аймақтары (LEZ) құрылады.

Сондай-ақ, ауа сапасын бақылаудың цифрлық және мониторинг жүйесін дамыту есебінен атмосфераға түсетін жүктемені кезең-кезеңімен азайту көзделді. Нақты айтқанда, LEZ аймақтарында газбен қамтылған аудандарда көмір секілді қатты және сұйық отынды пайдалануға тыйым салынады. Одан бөлек қоқыс пен қалдықтарды жағуға және пиротехниканы қолдануға болмайды. Ал экологиялық санаты төмен көліктердің бұл аймаққа кіруі ақылы болады.

**Мәслихат
мінберінде**

Мәслихат сессиясында таныстырылған жобаға сәйкес, төмен шығарынды аймағы ретінде бірінші кезеңде Бөгенбай батыр, Достық, Абай, Желтоқсан көшелерінің аймағы белгіленеді. Екінші кезеңде – Әл-Фараби, Саин, Рысқұлов, Шығыс автомобиль айналма жолы аймағы, ал үшінші кезеңде қала шекарасында болады. Дегенмен, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Алмасхан Сматлаев шектеу енгізілген аймақта ескі көліктердің кіруі әзірге ақылы болмайтынын атап өтті.

– LEZ пилоттық режимде жұмыс істейді. 2026 жылы шектеу үшін ақы алынбайды. Пилоттық жоба нәтижесі бойынша оны алдағы уақытта дамыта береміз. Нью-Йорк, Лондон, Шанхай, Бейжіңде мұндай шектеулер бар. Бірақ

ақылы болу үшін балама жол ұсынуымыз керек. Адамдар қоғамдық көлікке отыра алатындай жаңа метро желілері жүргізіледі, автобус маршруттары болады, – деді ол мәслихат сессиясында.

**«Уақыт талабынан
туындаған»**

Ал Мәжіліс мінберінде Алматыдағы экологиялық мәселелер туралы жиі бастама көтеріп жүрген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сергей Пономарев пен тілдесіп, оның жақында бекітілген экологиялық құжат туралы пікірін білдік. Ол «Алматыға кіру ақылы болуы керек пе?» деген сұраққа ашық жауап берді.

– Меніңше, бұл – уақыт талабынан туындаған өте орынды құжат. Неге десеңіз, урбанистер болжамы бойынша Алматы алдағы уақытта мегаполис халқының саны 7,5-8 миллион адамға жетеді. Болашақты ойласақ, біз қазір бос қалада жүрміз. Сондықтан дәл қазір батыл шаралар қабылдасак, ертең бітпейтін кептеліс пен қою түтінге тұншығатынымыз анық. Сондықтан қаланың орталығына кіруді міндетті түрде ақылы қылу керек, – деді ол.

Сонымен қатар, ол қаладағы экологиялық жағдайларды жақсартуға бай-

ланысты өзінің ұсынысын да алға қойды. Оның айтуынша, қаладағы көліктер санын барынша азайтып, ал қалғандары электрлі көліктерге ауысуы керек. Депутаттың пікірінше, таксопаркттерді, каршеринг (жалға алу) қызметін және квазимемлекеттік секторды толықтай электромобильдерге көшіру – кезек күттірмейтін мәселе. Тіпті, шенеуніктер мен қоғамдық көліктер де тек электр қуатына өтуі тиіс.

«Біздің басты мақсатымыз – көлік санын арттыру емес, керісінше, оны барынша азайту», – деген Сергей Пономарев Алматы мен оған жақын елдімекендер арасында LRT, яғни жеңіл рельсты көлік жүргізу де қаладағы экологиялық мәселелерді шешуге көмектесеріне сенімді.

– Мәселен, қаланың екі қапталынан – батыстағы Талғар, Шелек, Есік бағытынан және шығыстағы Ұзынағаш пен Қаскелең тарапынан LRT желісі болса, адамдар ауылдарынан соған отырып келеді. Кейін қала ішіндегі метроға ауысып отырады. Экология комитетінің депутаты ретінде бастама көтеріп, бюджет кодексіне Алматы метросының екі жаңа бағытын салу үшін 1 миллиард доллар бөлу туралы түзету енгізуге қол жеткіздік. Бұл жолаушылардың әуежайдан шықпай-ақ, бірден метроға отырып, қалаға кептеліссіз жетуіне жағдай жасайды, – дейді Сергей Пономарев.

Алматы қайтадан жасыл қалаға айналып, түтіннің торынан шығуы үшін жаңа жолға қадам басты. Алайда, бір тараптан жасалған әрекет нәтижеге алып келмейді. Сондықтан жаңа талаптардың қатаң сақталуына қала тұрғындарының да атсалысуы – өте маңызды. Сонда ғана сүйікті шаһарымыз – дамыған, таза әрі қолайлы қалаға айналады.

**Досбол
АТАЖАН**

**Таза ауаға
бақылау күшейді**

Алматы аталған мәселелермен кешенді түрде күресуге кірісті. Ал оның алғашқы қадамы – 2025 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған атмосфералық ауаны қорғау қағидаларының бекітілуі болды. Бұл құжат Қазақстанда алғашқы болып Алматыда енгізілді. Ол бойынша қаладағы автопарктерге экологиялық талаптар енгізіледі, III санаттағы нысандарға (кәуапахана, монша және т.б.) бақылау



ҚЫСҚЫ ҚАРБАЛАС

11 мың текше метрден астам қар шығарылды

Алматыда 16–18 қаңтар аралығында жауған мол қардан кейін тазалау жұмыстары жалғасып жатыр. «Қазгидромет» РМК дерегінше, осы кезеңде қала аумағына 18 сантиметр қар түскен. Бұл туралы Алматының коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілдері айтты.

«Қазіргі уақытта жауын-шашын жоқ, күндізгі ауа температурасы -11-13С° шама-сында. Көлік пен жүргіншілер қозғалысын қауіпсіз әрі үздіксіз қамтамасыз ету үшін коммуналдық қызмет күшейтілген режимде жұмысын жалғастырып жатыр.

Қар жауған шақта жол-көше желісі кешенді тазаланды. 210 құм себу техникасының көмегімен 7250 тонна көктайғаққа қарсы материал себілді, патрульдік жол полициясы экипаждарының еріп жүруімен 28 қар

ысыру колоннасы жұмыс істеді. Күндізгі уақытта 75 жедел брига-да, 1,7 мыңнан астам жол сала-сы жұмысшысы және 900-ден астам арнайы техника тартылды. Қар үйінділері жиналып, магистральдық және жүргінші көше-лерінен, сондай-ақ қоғамдық орындардан қарды тәулік бойы шығару ұйымдастырылды. 18 қаңтар, сағат 12.00-дегі жағ-дай бойынша 11 250 текше метр

қар шығарылды», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар, тротуарлар, қоғамдық көлік аялдамалары, жерүсті өткелдері, баспалдақтар мен пандустарды арнайы техни-каның көмегімен және қолмен тазаланып жатыр.

Медициналық және білім беру нысандарына кіреберіс-тердің тазалығына ерекше назар аударылуда.



СОҢҒЫ АЯЛДАМА

Автобус жүргізушілеріне арнайы бөлмелер салынады



Қоғамдық көліктің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуі, ең алдымен, жүргізушілердің жағдайына тікелей байланысты. Осыны ескере отырып, Алматыда автобус жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасау үшін жаңа инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Қалада автобус жүргізушілеріне арналған демалыс бөлмесі бар 20 соңғы аялдама салынады.

Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасының мәліметінше, аталған алаңдар бірқатар маңызды міндетті атқарады. Атап айтқанда, автобустардың жол жиегінде мәжбүрлі түрде тоқтап тұруының алдын алады әрі жүргізушілердің толыққанды демалуына қажетті жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде, жолаушылар тасымалының қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Қазір «Көктөбе» ықшамауданында екі маршрутқа қызмет көрсететін, жалпы саны 47 автобус шығатын соңғы нүкте

ретінде пайдаланылатын тоқтау-бұрылу алаңының құрылысы толық аяқталды. Алаң аумағына асфальтбетон жабыны төселіп, аумақ бойына сыртқы жарықтандыру орнатылған. Сонымен қатар, жалпы аумағы 49 шаршы метр болатын тамақтану аймағы мен санитарлық-гигиеналық бөлмесі бар жүргізушілерге арналған модульдік демалыс ғимараты бой көтереді.

Қаланың әртүрлі аудандарында биыл пайдалануға берілетін тағы үш тоқтау-бұрылу алаңының құрылысы жүріп жатыр. Ал қалған 16 алаң бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу қолға алынған.

Автобус жүргізушінің демалысы мен жұмыс кестесінің сақталуы жол-көлік оқиғаларының алдын алуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан соңғы аялдамаларда арнайы демалыс бөлмелерінің болуы қоғамдық көлік саласындағы қауіпсіздік мәдениетін арттыратыны анық.

ПУШКИН КӨШЕСІНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Шаһарда Пушкин көшесі бойындағы аумақты жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Жоба аумағы Райымбек даңғылынан Гоголь көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Қоғамдық кеңістік серуендеуге, демалуға және қала орталығының тынысын сезінуге қолайлы, заманауи қалалық дәлізге айналуға. Бұл туралы Алматы қаласының Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мамандары айтты.

инфрақұрылымын қалыптастыру және көгалдандыру жұмыстары жалғасып жатыр.

Жаңартылып жатқан аумақтың ұзындығы – 1,1 шақырым, жалпы көлемі – 6,5 гектар. Нысанның дайындық деңгейі шамамен, 80 пайызға жетті. Барлық жұмыс аяқталған соң Пушкин көшесі Алматының тарихи орталығын жаңа қырынан таныта-тын, көлеңкесі мен жасыл желегі мол, тұрғындар мен қала қонақтарына жайлы серуен бағытына айналады.

Жобада көгалдандыруға ерекше мән берілген. Көше бойына шамамен, 300 ағаш пен 8 мыңға жуық бұта отырғызылған. Көгалдандыру кезінде Германиядағы тәлімбақтан әкелінген Фриман үйеңкісі, төзімді шегіршін, ірі жапырақты палли-да, сондай-ақ Түркиядан жеткізілген гинкго билоба пайдаланылды. Гинкго ағашы Алматыда алғаш рет отырғызылып, қалалық ландшафттың жаңа әрі айшықты элементіне айналмақ. Жасыл қабатты көкжалбыз, ақ сәнтал «Элегантиссима», ругоза раушаны, қылтанбас, жапон тобылғысы мен көпіршік толықтырып, жыл бойы түрлі реңк пен көркемдік береді.

Сонымен қатар, жабындар жаңартылып, жаңа көше жарығы орнатылуда, тас төсеу және су бұру жүйесін жасау жұмысы қолға алынған. Қазіргі таңда ескірген тротуарлар мен троллейбус желі-лері толығымен алынып, кабельдік желілердің негізгі магистральдары тартылды, автоматты суару жүйесінің басым бөлігі мен жарықтандыру тіректері орна-тылды. Резервуар құрылысы аяқ-талуға жақын, жүргіншілер



Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЧЕМПИОНДАР ҚАЛАСЫ

Миллионға жуық алматылық салауатты өмір салтын ұстанады

Қазір Алматыда спорттың 87 түрі бойынша резерв даярланып жатыр. Бұл қаланы еліміздегі кәсіби спортты дамытып жатқан негізгі орталықтың бірі етіп отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы Спорт басқармасының басшысы Дархан Нұрханұлы жоғары жетістіктер спортын дамыту мен спортта резерв даярлаудың қалай қолға алынып жатқанын баяндады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҢЫҢ
ҮШТЕН БІРІН ҚҰРАЙДЫ

2025 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамаларына 2376 спортшы даярланған. Оның ішінде негізгі құрамға – 853, жастар құрамасына – 713, жасөспірімдер құрамасына – 296 спортшы енді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда, 7,8%-ға жоғары болып шыққан. Сонымен қатар, еліміздің ұлттық құрамаңың жалпы санының үштен біріне жуығын Алматы қаласының спортшылары құрайды. Бұл қаланың Қазақстанның спорттық әлеуетін қалыптастырудағы жетекші рөлін көрсетеді.

Алматылық спортшылар түрлі деңгейдегі ресми жарыстарда тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетіп келеді. 2025 жылы олар 5562 медаль жеңіп алды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 9%-ға көп (5102 медаль).

Дархан Нұрханұлы ел үшін маңызды болған біраз жетістікке де тоқталып өтті. Назым Қызайбай Қазақстан тарихында алғаш рет бокстан үш дүркін әлем чемпионы атанып, жас ұрпаққа үлкен үлгі болды. Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров Бостонда өткен әлем чемпионатында күміс медаль иеленіп, қазақстандық мәнерлеп сырғанаудағы ең елеулі жетістіктің біріне қол жеткізді. Ол осы табысымен аты аңызға айналған Денис Теннің жетістігін қайталады.

Айдана Құмартәева Қытайдың Уси қаласында өткен таеквондо WT бойынша әлем чемпионатында қола жүлдегер атанып, спорттың осы түрінен Алматыға алғаш рет әлем чемпионатының медалін алып келді. Аталған жұлде 2007 жылдан бері Қазақстан әйелдер құрамасының WT әлем чемпионатындағы екінші медалі болды. Сондай-ақ, Ливерпуль қаласында өткен бокстан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы 10 медаль (7 алтын, 1 күміс пен 2 қола) жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте көш бастады. Оның ішінде 4 медаль алматылық спортшы қыздардың еншісінде болып, бұл команданың жалпы нәтижесінің 40%-ын құрады.


Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Алматыда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын тұрғындар саны едәуір өскен. 2024 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 40%-дан 42%-ға дейін өсіп, 955 мың адамға жетіп отыр, оның 325 мыңы балалар екен. Осылайша қала Туризм және спорт министрлігі белгілеген индикаторға қол жеткізді.

2025 жылдың басынан бері Алматыда 3000-нан астам спорттық-бұқаралық іс-шара өтіп, ол 380 мыңнан астам адамды қамтыған. Қала тұрғындары белсенді болып, дене шынықтыруға ден қоя бастаған.

35 ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЖАРЫС ӨТТІ

Олардың қатарында Almaty Marathon, ATP-250 Almaty Open, үстел теннисінен WTT Contender, шахматтан әлем чемпионаты, дзюдодан Азия кубогы мен басқа да беделді жарыстар бар.

Маңызды жаңалықтың бірі – 2025 жылы алғаш рет іске асырылған студенттік лига. Жобаға 35 жоғары оқу орны, 108 команда мен шамамен 1500 студент қатысты. Жарыс футбол, волейбол және баскетбол бойынша өтіп жатыр, биылдан бастап бағдарламаға жеңіл атлетика да енді.



2023 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Балалар Футбол Лигасы» жобасы да жұмысын жалғастырып жатыр. Қазір лига 320 команда мен 7–15 жас аралығындағы 8 мыңнан астам баланың басын қосқан. Бұл жоба қаладағы спорт мектептері мен академиялардың дарынды жас футболшыларды іріктейтін алаңына айналды.

Өткен жыл Алматының халықаралық имиджін нығайту тұрғысынан да маңызды болды. «Қайрат» футбол клубы УЕФА Чемпиондар лигасының топтық кезеңіне шықса, «Қайрат» футбол клубы турнирдің 1/4 финалына дейін жетті. Қаланың Орталық стадионында Чемпиондар лигасының матчтары, сондай-ақ әлемдік жұлдыздардың концерттері өтті. Бұл Алматының халықаралық іс-шаралар өткізуге дайын екенін көрсетті. Өткен жылдың қараша айынан бастап қалада «Спорт – достық алаңы» жобасы жүзеге асырыла бастады. Екі ай ішінде Алматының барлық ауданында 86-дан астам іс-шара өтіп, шамамен 7500 тұрғынды қамтыды.

2025-2026 жылдардағы қысқы маусымда Алматыда қаланың сегіз ауданында 21 мұз айдыны жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 11 ашық әлеуметтік мұз айдыны мен инвесторлар есебінен жұмыс істейтін 10 нысан бар.

2022 жылдан бері Алматыда Спорт басқармасына қарасты барлық ұйымды спорт жабдықтарымен қамтитын жүйелі бағдарлама жүзеге аса бастаған. Спикердің айтуынша, былтыр осыған 1 млрд. теңге бөлінді. Соның арқасында спорт мектептері, даярлау орталықтары мен өзге мекемелер халықаралық стандарттар мен жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлау талабына сай келетін спорттық құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілген.

Алматыда жоғары жетістіктер спортын жүйелі қолдау қала әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен жүзеге асып жатыр. Оның бастамалары мен спорт саласын дамытуға көрсетіп отырған ерекше назарының арқасында қалада халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау үшін қажетті жағдайлар жасалды, сондай-ақ мемлекет

пен әлеуметтік жауапты бизнестің арасындағы байланыс пен ынтымақтастық та нығая түскен.

ЖАҢА БАҒЫТТА ДАМИДЫ

Алматыда бейімді спорт «Алматы» спорт клубының базасында дамып жатыр. Бұл қаладағы осындай жалғыз мемлекеттік мамандандырылған клуб. Қазір мұнда денсаулығында кінәраты бар 756 спортшы жаттығады екен.

8 бөлімше жұмыс істейтін клубта паралимпиадалық, сурдлимпиадалық, ұлттық және инклюзивті бағыттарды қоса алғанда, спорттың 23 түрі бар. Барлығын білікті мамандар жаттықтырады, сабақтары да тегін өтеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «Алматы» клубының спортшылары жоғары нәтиже көрсетті. Оларға 438 спорттық атақ беріліп, әртүрлі деңгейдегі 48 жарыста 462 медаль жеңіп алған. Жалпы, медаль қоржынында 180 алтын, 142 күміс пен 140 қола жүлде бар. Бұл жүйелі жұмыстың арқасы.

Маңызды оқиғаның бірі – клубтың 12 өкілінің Токиода өткен XXV жазғы Сурдлимпиада ойындарына қатысуы болды. Бұл жарыста алматылық спортшылар 2 күміс пен 2 қола медаль жеңіп алып, қаламыз бен елімізді халықаралық аренада әлемге әйгілеп, лайықты түрде танытып қайтты.

Алматыда бейімді спортты одан әрі дамыту мақсатында Алматы қаласының әкімінің тапсырмасымен Райымбек даңғылы, 312 мекенжайында инклюзивті спорт орталығы да салына бастады. 21 спорт түріне арналған Спорт кешені бір ауысымда 100 адамға дейін қабылдайды.

Жобаның жүзеге асуы паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және инклюзивті спортпен айналысу мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, барлық санаттағы спортшыларға жағдай жасап, тең мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2017 жылдан бері Алматыда аутизмнің белгісі бар балаларға арналған тау шаңғысымен бейімді сырғанау жобасы да жүзеге асып келе жатқаны айтылды. Бұл

жоба қазір тұрақты сұранысқа ие болып отыр.

Сабақтар балалардың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, әлеуметтену дағдыларын және өзіне деген сенімділігін дамытуға көмектесіп, олардың жан-жақты дамуы үшін қауіпсіз әрі қолдаушы орта қалыптастырады.

ОЛИМПИАДА МЕН АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ:
жан-жақты дайындық үстінде

2026 жылы Алматы спортшылары ең үлкен халықаралық жарыстарға, соның ішінде XXV Қысқы Олимпиада ойындары мен Жазғы Азия ойындарына дайындықты бастап кетті.

«Алматыда қазір 6–22 ақпан аралығында Италияда өтетін Қысқы Олимпиада ойындарына қатысуға 6 лицензия бар», – дейді қала басқарма басшысы.

Лицензия иеленген спортшылар қатарында:

– Михаил Шайдоров (мәнерлеп сырғанау), Евгений Кошкин (коньки спорты), Александра Скороходова мен Ростислав Хохлов (тау шаңғысы спорты) бар.

Сонымен қатар, шаңғымен трамплиннен секіруден Илья Мизерных пен Данил Васильев тағы 6 лицензияға үміткер. Ресми растау 22 қаңтарда шығады.

19 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Жапонияда (Айти префектурасы, Нагоя қаласы) Жазғы Азия ойындары өтпек.

«Бүгінде Қазақстан ұлттық құрамасы жеке оқу-жаттығу жоспарлары бойынша дайындық жүргізіп жатыр. Алматы қаласынан 23 спорт түрі бойынша 79 спортшы қатысатыны жоспарланып отыр», – дейді спикер.

Оқу-жаттығу жағы Еуропа, Азия елдері мен АҚШ-та өтіп жатыр.

Команданың басты мақсаты – алдыңғы Азия ойындарындағы нәтижеден де асып түсу. Бұл жарыстарға қатысу спортшылар үшін 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына дайындықтың маңызды кезеңі болып, қажетті халықаралық тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.



Суреттерді түсірген Қ. ҚОНЫСБАЕВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы жанынан жастарды, креативті қауымдастықтарды және білім мен инновацияға ұмтылған қала тұрғындарын біріктіретін «American Space & Makerspace» жаңа мәдени-білім беру орталығы ашылды.

Нұрлан
СҮЙІН

Қала әкімдігінің, АҚШ Елшілігі мен АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулдығының, сондай-ақ жергілікті серіктес ұйымдардың қолдауымен жүзеге асқан жоба қала тұрғындарының білім алу, шығармашылықпен айналысу және заманауи технологияны меңгеру мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ халықаралық мәдени және

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК

Кітапхана жанынан мәдени-білім беру орталығы ашылды

білім беру ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған.

Салтанатты рәсімге Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Мишель Еркін, «Chevron International Petroleum Company» компаниясының Вице-президенті Дилан Морган, АҚШ Бас консулының баспасөз, мәдениет және білім жөніндегі кеңесшісі Хира Каур Камбодж, сонымен қатар білім беру және мәдениет ұйымдарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев өз құттықтау сөзінде орталықтың маңызын атап өтті:

«Кітапхана – үлкен мәдени орта. Қа-

зақта «Кез келген елдің болашағын білу үшін оның жастарына қара» деген дана сөз бар. Жастардың білім алып, шығармашылық және зияткерлік тұрғыдан дамуына жол ашатын осындай заманауи орталықтың кітапханада ашылуы мәдениет саласын дамытудың маңызды бағыты саналады. Бұл бастама екі елдің арасындағы мәдени ынтымақтастықты нығайтып, өзара түсіністік пен серіктестікті жаңа деңгейге көтереді деп сенемін», – деді Данияр Әлиев.

Іс-шара аясында АҚШ-тың Алматыдағы Бас консулы Мишель Еркін құттықтау сөз сөйлеп, орталықтың маңызына тоқталды.

Жаңа орталықтың ашылуына кітапхана оқырманы, әсіресе, жастар жоғары баға берді. Болашақта АҚШ-та білім

алуды мақсат еткен Аружан Маханбетқалиева әсерін бөлісті:

«Мен үшін бұл жоба – үлкен мүмкіндік. Мұнда АҚШ университеттеріне түсуге қажетті ақпарат алып, ағылшын тілімді жетілдіріп, өзімді кәсіби әрі шығармашылық тұрғыдан дамытуға болады. Осындай кеңістіктің ашылғаны көптеген студенттің арманын жүзеге асыруға жол ашады деп ойлаймын», – деді Жамбыл кітапханасының тұрақты оқырманы Аружан Маханбетқалиева.

Аталған жоба қалалық кітапханалардың уақыт талабына сай жаңғырып, кітап оқу орындары ғана емес, сонымен қатар білім, мәдениет, инновация және халықаралық диалогты дамытатын заманауи қоғамдық кеңістіктерге айналып келе жатқанын айқын көрсетеді.

БІЛІМ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯ

ҰШҚЫШСЫЗ АВИАЦИЯ

Алматыда кәсіби мамандарды дайындайтын оқу базасы іске қосылды



Қазақстанда азаматтық ұшқышсыз авиация саласының тұтас бағыты құрылып, стратегиялық нормативтік база жасалып жатыр. Бұл тұрғыда үкімет 2025–2031 жылдарға арналған азаматтық пилотсыз авиацияны дамыту тұжырымдамасын бекітіп, аталмыш құжат пилотсыз авиациялық жүйелердің коммерциялық және мемлекеттік қолданылуын кеңейтуге бағытталған нақты қадамдарды айқындамақшы. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымында Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ресми түрде іске қосылды. Жоба ҚазҰУ мен «Aerial Solutions» ЖШС арасындағы ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асып отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Іс-шараға ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев, «Aerial Solutions» ЖШС Авиациялық оқу орталығының Бас директоры Перизат Құдайбергенова, ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұшқышсыз ұшу жүйелерін дамыту және

қолдану департаментінің басшысы Иса Теймуразұлы, Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе қолбасшылығының бас орталығының басшысы Сәкен Рүстемов, Ұлттық қауіпсіздік академиясының кафедра меңгерушісі Артур Имашев, Қазақстан авиация әкімшілігінің Лицензиялау департаментінің директоры Әділжан Сұлтанов және басқа да профес-



сор-оқытушылар құрамы мен ғалымдар қатысты.

Жиында ҚазҰУ басшысы: «Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз бен егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға тікелей байланысты. Әр маман цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллектінің мүмкіндік-

терін жұмыс барысында тиімді қолдана білуі қажет», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңесте айтқан ұстанымына арнайы тоқталды. Сондай-ақ, орталықтың нақты функцияларын да атап өтті.

«Орталық ауқымды ғылыми жобаларды іске асыруға, заманауи дрондарды жасап, құрастыруға, білікті мамандарды даярлауға және студенттердің тағылымдамадан өтуіне кең мүмкіндік береді. Мұнда жасалған дрондар экономиканың түрлі саласында тиімді қолданылатын болады», – деді.

Ал Перизат Құдайбергенова орталықтың халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік беретінін, оқу-ғылыми инфрақұрылымның өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және цифрлық мониторинг салаларын дамыта-тынын жеткізді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мәулен НҰРАЛЫҰЛЫ,
IRIL Solutions компаниясының авиациялық оқу орталығының басшысы:

Басты мақсат – маман даярлау

Орталықтың негізгі мақсаты – дрон әкеліп құрастыру емес, ең бастысы кадр даярлау. Инновациялық орталық ең алдымен ұшқышсыз ұшу аппараттары саласына қажетті мамандарды оқытып, даярлаумен айналысады.

Орталық қызметі бірнеше бағыттан тұрады. Алғашқы кезеңде біз қысқамерзімді, спецификалық курстарды іске қосамыз. Бұл курстар азаматтық және мемлекеттік авиация саласына, сондай-ақ түрлі өнеркәсіп бағыттарына арналған. Яғни дронды меңгергісі келетін кез келген адам – геодезия, картография, ауыл шаруашылығы, мониторинг, мемлекеттік органдар саласының мамандары осы жерде білім ала алады.

Келесі кезеңде университетпен бірлесіп «жоғары білім беру бағдарламаларын» іске қосуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, біз армия қатарында қызмет етіп жүрген сарбаздарға да үлкен мүмкіндік бермекпіз. Олар әскери қызметін атқара жүріп, осы мамандықты игере алады. Яғни орталық – ұшқышсыз ұшу аппараттары бойынша кәсіби мамандарды дайындайтын оқу базасы.

Ал дрондарды құрастыру және өндіру мәселесіне келсек, бұл да кезең-кезеңімен іске асады. Алдымен мамандар даярланады, содан кейін өндірістік база дамиды. Болашақта 2000 шаршы метр аумаққа Қытай Халық Республикасының компаниясымен бірлесіп, ірі дрондарды жинақтайтын және шығаратын орталық ашу көзделіп отыр.



2025 жылы 18 шілдеде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа Салық кодексіне және салық заңнамасына түзетулер енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл ұйғарым 1 қаңтардан бастап күшіне енді. 2026 жылғы жаңа салық саясаты – Қазақстанның, соның ішінде Алматы қаласының экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бизнесті қолдау, бюджет қаражатын тиімді пайдалану, инновациялар мен инвестициялар тарту бағытында жасалған ауқымды реформа. Аталған реформа бюджеттендірілген барлық салаға, әсіресе, алып шаһардағы экономикалық өсу мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге стратегиялық тұрғыда әсер етеді деген үміт зор.



Суретті түсірген Самар СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАҢА САЛЫҚ САЯСАТЫ

Басты мақсат – әлеуметтік әділеттілік

ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Жаңа Салық кодексі бойынша салық есептілігінің көлемі 30%-ға, ал салықтар саны 20%-ға қысқаруы тиіс. Салық жеңілдіктері мен алымдары да барлық жағынан оңтайландырылу көзделді. Өзгерістер негізгі салаларды, соның ішінде корпоративтік және жеке табыс салығы, инвестициялық ынталандыру және салық ауыртпалығын қайта бөлуді қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 12 %-дан 16%-ға дейін өсті. Дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтер үшін ҚҚС-тың төмендетілген мөлшерлемесі қолданылады, ол биыл 5%-дан басталып, 2027 жылы 10%-ға

дейін көтеріледі деп жоспарланды. Сонымен қатар, ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 15 миллион теңгеден 40 миллион теңгеге дейін артты. Әрине, бұл өзгеріс өз кезегінде шағын бизнеске түсетін әкімшілік салмақты жеңілдетеді.

Ал тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіндегі қызметтер, үкімет белгілеген тізімге сәйкес жетім және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу, кітаптарды баспа түрінде басып шығару қызметтері және археологиялық жұмыстар ҚҚС-тан босатылады.

Айлық есептік көрсеткіш 4325 теңге, күнкөріс деңгейі 50 851 теңге болып

белгіленді. Сонымен қатар, ең төменгі зейнетақы мөлшері 69 049 теңгеге дейін ұлғайтылды.

Балалы отбасыларға төленетін біржолғы мемлекеттік төлемдер де көбейді. Бірінші, екінші және үшінші сәби дүниеге келгенде берілетін жәрдемақы 164 350 теңге мөлшерінде белгіленді. Ал төртінші және одан кейінгі балаларға арналған төлем көлемі 272 475 теңгеге дейін ұлғайтылды. Көпбалалы жанұяларға қарастырылған ай сайынғы жәрдемақы көлемі де өсті. Мәселен, төрт баласы бар отбасылар 69 330 теңге алса, он баласы бар жанұяларға төленетін төлем 173 000 теңгеге дейін жетті.

Мүгедектігі бар азаматтарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау да қайта есептелді. Бірінші топтағы мүгедектікке тағайындалатын жәрдемақы – 111 872 теңге, екінші топтағыларға – 89 498 теңге, ал үшінші топқа жататын жандарға – 61 021 теңге төленеді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан босатылады. Мүгедектерге арналған әлеуметтік салық шегерімі 882 АЕК немесе 3 468 024 теңгеден (6508 АҚШ доллары) 5000 АЕК немесе 19 660 000 теңгеге (36 894 АҚШ доллары) дейін арттырылды.

Корпоративтік табыс салығының негізгі мөлшерлемесі бұрынғыдай 20% болып қалады. Дегенмен, экономика салаларына қарай әртүрлі ставка белгіленді. Мәселен, банктік сектор мен ойын бизнесі үшін салық мөлшері 25%-ға дейін ұлғайтылды. Әлеуметтік бағыттағы ұйымдар биылдан бастап 5% төлесе, 2027 жылдан бастап бұл көрсеткіш 10%-ға жетуі мүмкін. Ал ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге 3%-дық жеңілдетілген ставка қарастырылған.

Автокөлік иелері үшін де бірқатар салықтық жеңілдік көзделген. Айта кету керек, жеңіл автокөліктерге салынатын салық көлемі олардың пайдаланылған мерзіміне байланысты азайтылады. Атап айтқанда, 10 жылдан 20 жылға дейін жүргізілген көліктерге 0,7 коэффициент, ал 20 жылдан асқан автокөліктерге 0,5 коэффициент қолданылмақ.

Қуантарлығы, ардагерлер, мемлекеттік марапаттар мен құрметті атақ иелері, көпбалалы аналар және мүгедектігі бар азаматтар көлік салығын төлеуден босатылады.

Арнайы салық режимдері оңтайландырылып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған, жеңілдетілген декларация негізіндегі және шаруа қожалықтарына арналған режимдер ғана өз күшінде қалды. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар салық төлемдерін мобильді қосымша арқылы есептеп, төлей алады. Аталған өзгерістер әлеуметтік қорғау шараларын күшейтіп, салық жүйесінің әділ әрі теңгерімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған.



Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлыбек ШАЙМАХАНОВ,
ҚР ҰЭМ салық және кеден саясаты департаментінің директоры:

ЖАҢА ҚҰЖАТТА ЖАҢАШЫЛДЫҚ КӨП

Салық кодексінің ең түйткілді тұсы – салықтық әкімшілендіру мәселесінің тұтастай қайта жазылып, бақылау қызметіне толық цифрландыру жүргізілу жоспарлануында. Қысқасы, жаңа құжатта жаңашылдық көп. Мемлекет басшысы жаңа экономикалық саясаттың басты құралы ретінде Салық кодексін әзірлеу керегін атап өтті. Демек, Салық кодексі – экономиканы дамытатын маңызды құрал. Осы орайда салықтық әкімшілендіруді цифрландыру да өте маңызды дүние. Халықаралық қаржы ұйымдарының негізінде жүргізілген талдаулар өзге елдермен салыстырғанда Қазақстандағы салық жүктемесі мен салық мөлшерлемесінің өте төмен екенін көрсетті. Салық төлеміне қатысты салықты төлеу мен есепті тапсырудың қиындығы, төлеуден жалтару, ақпараттық жүйелердегі деректердің сәйкес келмеуі секілді мәселелер бар. Сондықтан көзделген мақсат – салық төлеуді жеңілдету.

Салық кодексінде негізгі назар заңнамалық нормаларға емес, ақпараттық жүйелер арқылы салықты әкімшілендірудің тиімділігін арттыруға аударылды. Азаматтар мен бизнес үшін салық төлеу үдерісін барынша оңайлату – маңызды қадам. Бұл бағытта салық төлеушілерді онлайн форматта тіркеу, салықты қашықтан төлеу мүмкіндіктері енгізілді. Банктердің мобильді қосымшалары да пайдаланушыларға ыңғайлы етіп бейімделген. Соған қарамастан, әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстар бар. Кейбір салық төлеушілер деректердің ақпараттық базаларға уақытылы енгізілмейтінін айтып жүр. Бұл өз кезегінде азаматтарға қосымша қиындықтар туғызады. Себебі, мәліметтер бірнеше ақпараттық жүйеде сақталады: бір жүйеде салық төленсе, екіншісінде қарыз ретінде көрінуі мүмкін. Сондықтан осы жүйелер арасындағы өзара байланысты реттеу аса маңызды. Жалпы цифрландыру нәтижесінде салық төлеушілер бетпе-бет келіп отырған мәселелер кезең-кезеңімен шешіледі деп күтілуде.

Салық реформасы аясында сән-салтанат салығын енгізу мәселесі де ұсынылғаны белгілі. Бұл бастама орта тапқа бағытталмаған. Аталған салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік пен автокөлік сатып алынған жағдайда ғана қолданылады. Осы бағытта халықаралық тәжірибе зерделенді.

Сонымен қатар, «табыс көп болса, салық та көп төленуі керек» деген қағидат та қарастырылды. Прогрессивті салық жүйесін енгізу мүмкіндігі талданып, азаматтардың жалақы деңгейі зерттелді. Нәтижесінде жұмыс істейтін халықтың шамамен 53%-ының айлық табысы 150 мың теңгеден аспайтыны анықталды. Мұндай жағдайда прогрессивті салық енгізу күнкөріс деңгейінің одан әрі төмендеуіне алып келуі мүмкін. Халықаралық тәжірибеде мұндай жүйені енгізу үшін бірқатар талаптар бар: азаматтардың салық мәдениеті жоғары болуы, сондай-ақ жалпыға бірдей декларациялау жүйесі толық жұмыс істеуі қажет.

Әдемі СЕМБИНОВА,
әлеуметтанушы:

ТЕҢСІЗДІКТІ ТӨМЕНДЕТЕТІН ҚАДАМ

Жаңа салық кодексі – тек экономикалық құжат емес, азаматтардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды әлеуметтік құрал. Оның басты мақсаттарының бірі – әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Бұл тұрғыда табысы төмен азаматтар үшін салық жүктемесінің азайтылуы қоғамдағы теңсіздікті төмендетуге бағытталған маңызды қадам болып саналады. Әлеуметтану ғылымында салық жүйесі қаржыны қайта бөлу механизмі ретінде қарастырылады. Мәселен, табысы жоғары әлеуметтік топтардан жиналған қаражат білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларына бағытталып, қоғамның әл-ауқатын арттыруға қызмет етеді.

Алматы қаласы бойынша бұл үдерістің әлеуметтік маңызы айқын көрінеді. Мегаполис ретінде Алматыда халық саны көп, әлеуметтік құрылым күрделі, табыс деңгейіндегі айырмашылық айқын байқалады. Сондықтан медицина мен білім беру салаларына берілген салықтық жеңілдіктер қала тұрғындарының өмір сапасын сақтауға және арттыруға тікелей ықпал етеді. Әсіресе, көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер және әлеуметтік осал топтар үшін бұл қолдау маңызды әлеуметтік тұрақтандырушы факторға айналуы тиіс.

Алматыдағы халықтың басым бөлігі – орташа табысты азаматтар. Осыған байланысты шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, салықтық әкімшілендіруді жеңілдету қаланың экономикалық әрі әлеуметтік дамуы үшін шешуші мәнге ие. Көптеген тұрғын кәсіп ашуға ұмтылғанымен, салық жүктемесінен қауіптенеді. Егер жиналған салық қаражаты қала инфрақұрылымын жақсартуға, сапалы әлеуметтік қызметтер көрсетуге бағытталса, бұл реформа қоғамда сенім қалыптастырып, зор қолдауға ие болары сөзсіз.



«ЕРЛІК – ТӘРБИЕ ЖЕМІСІ»

Тәрбиеші офицерлер қызметінің құрылғанына 33 жыл толды

«Ерлік – тәрбие жемісі».
Бұл – қазақтың батыр ұлы
Бауыржан Момышұлының
тағылымды сөзі. Шынымен
де, батырлық адамға туа біт-
кен қасиет емес, дұрыс
жүргізілген әскери тәрбиенің
жемісі.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әскери дайындық, патриот-
тық рухты қалыптастыру, жауап-
кершілік пен өзара құрмет –
осының бәрі ерліктің негізін
қалайды.

Қазақстан Қарулы күштерін-
де тәрбие жұмысы тек әскерді
басқару немесе физикалық дай-
ындыққа бағытталған іс-шаралар-
дан ғана тұрмайды. Ол әскери
қызметкерлердің моральдық,
психологиялық, құқықтық және

патриоттық тұрғыдан дамуын
қамтамасыз етуге бағытталған
кешенді жүйе. Әрбір офицердің
тәрбие жұмысына қатысуы әскери
ұжымдағы тәртіп пен бірлікті
нығайтуға, қызметкерлердің
кәсіби және адами дамуына ық-
пал етеді.

19 қаңтар – Тәрбие құры-
лымдары офицерлерінің күні,
Қарулы Күштер құрамындағы
тәрбиеші офицерлердің төл ме-
рекесі. Осыдан 33 жыл бұрын,
19 қаңтарда, Президенттің Жар-
лығымен Қарулы күштерде ко-
мандирлердің тәрбие және
әлеуметтік-құқықтық жұмыстар
жөніндегі орынбасарлары ин-
ституты құрылды. Сол кезден
бастап тәрбие жұмысы органа-
рының тарихы бастау алады.

Айтулы күнге орай Алматы-
дағы Сағадат Нұрмағанбетов
атындағы Құрлық әскерлері әс-
кери институтында генерал-ма-
йор Айтқали Есенғұловқа құр-
мет көрсетілді. Шара барысында

генерал-майор Айтқали Есенғұ-
лов Қарулы Күштерде тәрбиелік
және әлеуметтік-құқықтық жұ-
мыстың қалыптасуына қосқан
үлесі үшін ерекше атап өтілді.
Генералға Қорғаныс министрінің
атынан құттықтау грамотасы та-
быс етілді, ұлттық дәстүрге сай
шапан кигізілді. Салтанатты
шара әскери оркестрдің қаты-
суымен өтті, марштар орындал-
ды. Генерал-майор Айтқали
Есенғұлов сөз сөйлеп, офицер-
лерді кәсіби мерекесімен құт-
тықтады:

«Тәрбиеші офицерлер әске-
ри қызметшілердің рухын,
тәртібін және патриоттық сана-
сын қалыптастыруда маңызды
рөл атқарады. Сіздердің күн-
делікті еңбектеріңіз әскери
ұжымдардың бірлігін қамтама-
сыз етеді. Барлық тәрбиеші офи-
церлерді мерекемен шын жүрек-
тен құттықтаймын! Денсаулық,
қызметтеріңізде табыс және от-
басыларыңызға амандық



тілеймін», – деді генерал. Бұл
шара ұрпақ сабақтастығын, әс-
кери дәстүрлерге құрмет көрсет-
уді және Қарулы Күштердегі
тәрбиенің маңызды екенін тағы
бір рет көрсетті.

Айта кететін жайт, Айтқали Есенғұлов Қазақстан Қару-

лы Күштерінің алғашқы тәр-
бие жұмысы жөніндегі
орынбасарларының бірі, ге-
нерал-майор. Ол Қарулы
Күштерде тәрбие және әлеу-
меттік-құқықтық жұмыстың
қалыптасуы мен дамуына
елеулі үлес қосқан.

ӘСКЕРИ ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ



Бүгінде әскери ортада қызмет ететін психологтардың да
Брөлі ерекше. Олар жеке құрамның моральдық-психоло-
гиялық ахуалын қамтамасыз етіп, қызметтік міндеттердің са-
палы орындалуына ықпал етеді.

Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында қызмет
атқаратын подполковник Альмира Құрманәлиева – осы бағыттағы
кәсіби мамандардың бірі. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы әс-
кери қызметте жүріп, психологиялық қамтамасыз ету саласында мол
тәжірибе жинақтаған офицер. Әскердегі психологтың қызметі жеке
құрамның моральдық-психологиялық тұрақтылығын сақтауға,
ұжымдағы өзара сенімді нығайтуға және әскери қызметшілердің
стресске төзімділігін арттыруға бағытталған. Жүйелі түрде жүргізілетін
психологиялық жұмыстар жауынгерлік даярлықтың деңгейіне және
қызметтік міндеттердің тиімді орындалуына тікелей әсер етеді.

– Біздің негізгі міндетіміз – әскери қызметші-
лердің психологиялық дайындығын арттыру, стресске төзімділігін қалыптастыру, қиын жағдайда
дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту. Жеке
әңгімелер мен топтық тренингтер арқылы эмо-
ционалдық жағдайды бақылап, психология-
лық қолдау көрсетеміз. Сонымен қатар, жауын-
герлік қызметтен кейінгі бейімделу, оңалту
жұмыстары мен отбасы мәселелері бойынша
кеңес беру де қызметіміздің маңызды бөлігі. Әс-
керде тәртіп пен жауапкершілік бірінші орында, ал
Ұлттық ұланда қызмет ету – мен үшін үлкен мәртебе, – дейді өз
қызметі туралы Альмира Бірлікқызы.

Альмира Құрманәлиева әскери қызмет жолын 22 жасында баста-
ған. Алғашында 7552 әскери бөлімінде аудармашы болып еңбек етіп,
кейін Алматы құрамасының басқармасына мемлекеттік тілді енгізу
жөніндегі маман ретінде ауыстырылды. Қызметін жалғастыра жүріп,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында психология
мамандығы бойынша екінші жоғары білім алды. Әскери психология
саласы енді қалыптасып жатқан кезеңде ол жаңа бағыттағы қызметті
үлкен жауапкершілікпен игеріп, кәсіби тұрғыда қалыптасты.

Иә, подполковник Альмира Құрманәлиеваның қызмет жолы кәсі-
билікке, жауапкершілікке және әскери борышқа адалдыққа негіздел-
ген.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

АЛМАТЫНЫҢ КҮЗЕТІНДЕ

600-ден астам жас сарбаз ант қабылдады

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ұланының 5571
әскери бөлімінің қатарына
жаңадан қосылған 600-ден
астам жас сарбаз әскери ант
қабылдады.



Нұржамал
ӘЛІШ

Салтанатты рәсімге әскери
бөлімнің ардагерлері, Алматы
қаласы мен Алматы облысы
бойынша «Аналар жүрегі» сар-
баздар аналары комитетінің
өкілі Татьяна Тропина, алматы-
лық жедел құраманың басшы-
лығы, сондай-ақ сарбаздар-
дың ата-аналары мен жақын
туыстары қатысты.

Іс-шара ашық деп жариялан-
ғаннан кейін Мемлекеттік Гимн
шырқалып, еліміздің Көк байра-
ғы салтанатты түрде көтерілді.

Мемлекеттік Туды көтеру құрметі
оқу пунктінің үздік сарбазы, қа-
тардағы Ермек Мұсахановқа
берілді.

– Осы сәт өмірлеріңізде мәңгі
есте сақталатынына сенімдімін.
Бүгіннен бастап сіздер Қазақстан
Республикасы Ұлттық ұланының
сарбаздары қатарына ресми түр-
де қосылдыңыздар. Енді ел ты-
ныштығын сенімді қорғап, әскери
борыштарыңызды адал атқары-
ңыздар. Ұлттық ұланның атын,
оның бай әскери дәстүрін абы-
роймен жалғастыру – сіздердің
басты міндеттеріңіз, – деді 5571
әскери бөлімінің командирі,
полковник Мақсат Баймағұлов.

Сондай-ақ, мінберде 2-оқу
ротасының сарбазы қатардағы
Әлібек Ақмолдаевтың анасы
Жанна Нағызбекқызы, бөлім
ардагерлер кеңесінің төрағасы,
запастағы майор Берік Алма-
ғамбетов те сөз сөйлеп, жас
жауынгерлерге тілегін арнады.

Сонымен қатар, 1-оқу ротасы-
ның сарбазы қатардағы Әлинұр
Әшірхан да сөз алып, қаруласта-
рына жігер беріп, Отанға адал
қызмет етуге шақырды.

Осылайша жас жауынгер кур-
сынан өткен және әскери ант
қабылдаған сарбаздар еліміздің
заңдылығы мен қоғамдық
қауіпсіздігін қамтамасыз ететін
Ұлттық ұлан әскери қызметші-
лерімен бір сапта қызмет ететін
болады.

Естеріңізге сала кетейік,
5571 әскери бөлімінің жеке
құрамы Алматының қо-
ғамдық-саяси, спорттық, мә-
дени іс-шараларына, сондай-
ақ мега-полистегі қоғамдық
тәртіпті сақтауға белсенді қат-
тысады. Ант берген сарбаздар
жақын арада Алматы көше-
лерінде құқықтық тәртіпті
қамтамасыз ету жөніндегі
міндеттерді орындауға кірі-
седі.





■ ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚ

МӘМС МҮМКІНДІГІ

60 мыңнан астам алматылық сақтандыру жүйесіне қосылады

Биылдан бастап бұрын сақтан-дырылмаған 60 мыңнан астам алматылық жергілікті бюджет есебінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қосылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының директоры Мұхамеджан Илияс осылай деп мәлімдеді.

Оның айтуынша, қазір қалада шамамен, 2,3 млн. адам тұрса, олардың 1,9 миллионы (82%) сақтандырылған мәртебеге ие. Алматылықтардың шамамен 444 мыңы қазір осы МӘМС жүйесінен тыс қалған.

«Сақтандырылмағандардың қатарында D мен E санатына жататын, яғни жағдайы қиын және шұғыл деңгейдегі азаматтар бар. Бұл – өмірде қиындыққа тап болған шамамен, 95 мың қала тұрғыны. Олардың табысы жоқ, болса да өте төмен, күнкөрісіне жетпейді, сондықтан олар мемлекеттің қолдауына зәру», – дейді спикер.

Биыл осы санаттағы медициналық көмекті тұрақты пайдаланатын 34 мың адам үшін МӘМС жарнасы жергілікті бюджеттен төленбек. Сонымен қатар, ресми түрде тіркелген 28 мың жұмыссыз азамат үшін де жарнаны жергілікті бюджеттің есебінен төлейді.

«Ресми дерек көзіне сүйенсек, 2026 жылы аталған санаттағы адамдарға жарна төлеуге кететін шығын 6,9 млрд. теңгеден асады. Бір адамға ай сайынғы жарна – 9189 теңге. Бұл ретте осы санаттағы барлық азамат автоматты түрде сақтандыры-



лып, жарналар медициналық көмекке нақты жүгінген адамдарға төленетін болады», – деп атап өтті Мұхамеджан Илияс.

Енді осы санаттағы тұрғындарға МӘМС жүйесінде дәрігерлік көмек алуға құқығын растайтын SMS-хабарлама келе бастайды.

Биылғы тағы бір жаңалық: Алматыда 11 әлеуметтік маңызы бар ауру бойынша диагностика, бақылау мен емдеу жағы сақтандырылған мәртебесіне қарамастан тұрғындардың барлығына қолжетімді болады. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Иманғалиеваның айтуынша, әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізіміне туберкулез, АИТВ-инфекциясы, қатерлі ісіктер, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлық-

тағы ауытқулар, орфандық аурулар, эпилепсия, инсульт пен жедел миокард инфаркті, сондай-ақ жүйке жүйесіне қатысты біраз ауру енген. Сонымен қатар, биылдан бастап МӘМС пакеті де кеңейтіледі. Оған диспансерлік есепте тұрған созылмалы аурулары бар науқастар, оның ішінде қан диабеті, артериялық гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы, бүйрек, тыныс алу ағзалары, тірек-қимыл жүйесі аурулары мен басқа да дертпен ауыратын азаматтар енгізіледі.

«Бұл пациенттерге дәрі-дәрмекпен қамтылып, амбулаториялық және стационарлық жағдайда емнің барлық қажетті түрін, оның ішінде қымбат препараттар алуына мүмкіндік береді», – деп атап өтті Ләйла Иманғалиева.

■ ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

№2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасының дәрігерлері Қытайдан келген маманның қатысуымен жамбас функциясы ауыр бұзылған 15 және 17 жастағы екі жасөспірімге ота жасады.

Науқастарға жұлынның туа біткен ақауы диагнозы қойылған: бел аймағындағы spina bifida. №2 БҚКА директоры Марат Рабандияров хабарлағандай, бұл кеселге шалдыққан бала жүріп-тұрудан бөлек, зәр шығару кезінде де қатты қиналады. Нәтижесінде ол әлеуметтік және психологиялық жағынан оқшаулана беретін болады. Ал консервативті ем-дом нәтиже бермеген.

Сакральды нейростимуляция – бұл консервативті терапия тиімсіз болған кезде қолданылатын, жамбас мүшесін хирургиялық жолмен емдеудің заманауи әдісі. Сөйтіп, сакральды омыртқаға сакральды стимуляторлар орнатылды. Күрделі отаны нейрохирургтар Д.Сабденалиев, А.Жайылханов, Р.Танцарова, анестезиолог Ж.Шолахов пен оталық медбике Б.Шагенова шақырылған маман, профессор Yonghui Guan қолдауымен жасады.

Невропатолог-нейрофизиолог Гүлнұр Қасенованың айтуынша, отадан кейінгі кезеңде науқастарды емдеудің оң нәтижелері, атап айтқанда, зәр шығару функциясының жақсаруы байқалады. Бұл өмір сапасын едәуір арттыратыны сөзсіз.

Әлемнің жетекші клиникаларында кеңінен қолданылатын бұл әдістің еліміздегі ең ірі балалар медициналық ұйымдарының бірінде, яғни Алматыда тәжірибеге енгізілуі – отандық денсаулық сақтау саласы үшін маңызды қадам.

Айта кетейік, жоғары технологиялық оталар балаларға МӘМС шеңберінде тегін жүргізіледі.

КӘСІБИ КОМАНДА

Жұлынның туа біткен кемістігі бар балаларға сәтті ота жасалды



■ МАМАН МІНБЕРІ

Асқазан обырының алдын алыңыз!

Алматы онкологиялық орталығының онкологы Бақыт Мейірханов онкологиялық аурулардың ішінде ең көп таралған асқазан қатерлі ісігі туралы тарқатады.

Дәрігердің айтуынша, бұл кеселдің ең қауіптілігі сонда, бірден байқалмай, ағзада баяу, жасырын дамиды.

«Көптеген науқас денсаулығындағы өзгерістерді ұзақ уақыт бойы елемейді. Қандай да бір жайсыздықты сезінсе, оны гастрит, асқазан жарасы, дұрыс тамақтанбай жүргенімен немесе өміріндегі күйзеліспен байланыстырады. Нәтижесінде олар медициналық көмекке тек жағдай ушыға, күрделене түскенде ғана жүгінеді», – дейді онколог-дәрігер.

Маман егер де үнемі қызыл, жүрек айну, мезгіл-мезгіл құсу, асқазанның ауыруы немесе жайсыздығы, тәбеттің жоғалуы және себепсіз салмақ жоғалту сынды белгілер байқалса, дереу дабыл қағу керектігін айтады. Жұтынудың қиындауы, тамақта бірдеңе кептеліп тұрғандай сезім, жалпы әлсіздік, шаршау, терінің бозаруы және тершеңдік те аурудың «хабары» болуы мүмкін.

Дәрігердің айтуынша, гастрит және асқазан жарасы сияқты созылмалы асқазан аурулары бар адамдар, сондай-ақ жасына, генетикалық бейімділігіне, өмір салтына және тамақтануына байланысты жоғары қауіп тобына кіретін жандар денсаулығына ерекше назар аударуы керек.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеген әлдеқайда маңызды. Теңгерімді тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу және денеңіздің әлдебір сигналдарына мұқият назар аудару – қауіптерді азайтуға және денсаулықты сақтауға көмектеседі», – дейді Бақыт Мейірханов.

Сондай-ақ, дәрігерге дер шағын-да қаралу, скринингтен өтіп тұру өмірді сақтап қалуға көмектеседі.

■ ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Скринингтің бәрі тегін

Сүт безі қатерлі ісігі – әйелдерде жиі кездесетін онкологиялық аурулардың бірі. Онколог-мамнолог Алтынай Ешанқұлова бұл кеселдің адамды мазаламай, айқын белгілерсіз жүретінін, сондықтан ағзадағы өзгерістер ұзақ уақыт байқалмай қалуы мүмкін екенін айтты.

Алматы онкологиялық орталығының дерегіне сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысында қатерлі ісікпен ауыратындар көрсеткіші құрылымында бірінші орында сүт безі обыры тұр. Одан кейін колоректальды қатерлі ісік – 8,7%, өкпенің қатерлі ісігі – 6,5%, қалқанша безінің қатерлі ісігі – 5,2% және қуық асты безінің қатерлі ісігі – 5,1%.

Скринингтен тұрақты өтіп тұру және денсаулыққа мұқият болу – кез келген ауруды ертерек анықтауға және емдеуді уақытылы бастауға мүмкіндік береді.

«Мынаны ескерген жөн: омырауда немесе қолтық аймағында әлдебір түйін пайда болса, кеуде пішіні немесе өлшемі өзгергенде, терінің тартылуы немесе қызаруы байқалып, «лимон қабығы» секілді көрінсе, омырау ұшынан әлдебір сұйықтық бөлінсе, дереу дәрігерге қаралу қажет. Ал скрининг тіркелген емханаңызда тегін жүргізіледі», – дейді Алтынай Ешанқұлова.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

РУХАНИЯТ

Өнер әлемінде өзіндік қолтаңбамен дараланып, мыңдаған көрерменнің жүрегін жаулау оңай емес. Дегенмен, бір ғана рөлді сомдап та есімі ел есінде қалғандар бар. Ал жұрт жадынан ұмыт болғандар ше... Өнер әлемінде бір сәтте танымал болып, сосын тағдыры белгісіз қалатын талант өте көп. Өйткені, қонған бақты ұстай білу өнер иесі үшін басты бақыт. Дегенмен, көп жағдайда оны ұшырып та, қолынан түсіріп те алатындар жиі кездесіп жатады.

Рая
ЕСКЕНДІРКӨРЕРМЕН ТАНЫДЫ,
ТАРИХ ҰМЫТТЫ

Қазақ киносының тарихы ұлттық мәдениет пен әлеуметтік кезеңдердің айнасы екені анық. Міне, сол тарихта әрбір актердің орны ерекше, алайда кейбіреулерінің есімі экраннан тез жоғалып, ұрпақ жадына кірмей жатады. Мәселен, сізге Ләйлә Жұмалиева деген есім таныс па?..

Сонау 1984 жылы түсірілген «Тоғызыншы ұлдан сақтан, дұшпан!» деп аталатын фильм туралы кезінде бұқаралық ақпарат құралдары бұрқыратып жазды. Бұл фильм сол кезде экраннан жиі көрсетіліп жүрді. Тіпті, байқаудың жүлдесін де жеңіп алды. Алайда, осы арқылы танылып, басты рөлдердің бірін сомдаған актрисаның тағдыры туралы дерек аз. Ол туралы кейбір деректе АҚШ-қа кеткені туралы айтылады.

Дегенмен, Ләйланың шығармашылығы және сол дәуірдегі ұмытылған актрисалардың жолы қазақ киносының тарихында маңызды із қалдырды. Жарқ еткен жас актриса осы бір ғана рөлімен мыңдаған көрермен жүрегінде жатталып қалды. Өйткені, Жұмалиева фильмде ауыл өмірінің қарапайымдылығы мен нәзіктігін көрсетті. «Тоғызыншы ұлдан сақтан, дұшпан!» арқылы ол кеңестік идеология мен ұлттық тұрмысты үйлестіріп, әйел бейнесін нәзік әрі шынайы суреттей білді. Сондықтан көрермен оны өмірдің қарапайымдылығы мен адамгершілік қасиеттерінің символы ретінде қабылдады. Алайда, осылай басталған Ләйланың кинодағы жұлдызды жолы қысқа болды.

Сол дәуірде атағы дүркіреп шығып, көп ұзамай ұмыт болған актрисалар қатарында Гүлнар Дәукенова да бар. Сонау 1970–1980 жылдары бірнеше тарихи фильмде басты және екінші рөлдерді сомдады. Мысалы, «Қыз Жібек» фильмінде ұлттық дәстүр мен махаббат драмасын көрсетсе, «Түнгі көш» фильмінде қала өміріндегі әлеуметтік проблемаларды экран тілі арқылы жеткізе білді. Міне, аз ғана сәтте Дәукенова көрерменнің жүрегіне жол тапты. Оның шығармашылығы қысқа болғанымен, сомдаған бейнесі көрерменнің жадында сақталып қалды.

Тағы да бір талантты актрисаның есімі де ел жадынан көшкен сыңайлы. Ерекше талантымен танылған Салтанат Байсейітова «Көшпенділер әні» және «Тар жол, тайғақ кешу» фильмдерінде екінші рөлдерді сомдады. Оның кейіпкерлері экранда аз көрінгенімен, драмалық әсері айқын

ЖАРҚ ЕТКЕН
ЖҰЛДЫЗДАР
неге жоғалып
кетті?

сезілетін еді. Кейін Салтанат кәсіби жолын басқа салаға ауыстырғанымен, оның рөлдері мәдени контексте ерекше орын алды.

ӘР ТАЛАНТ ӨЗ ЖОЛЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Бір кездері режиссерлер комедиялық жанрға бара бермейтін. Өйткені, бұл жанрды меңгеру өте күрделі саналды. Дәл сол кездерде кино әлемінде Әсем Жұмабекованың есімі белгілі болды. Ол 1986–1989 жылдары комедиялық және драмалық рөлдер арқылы көрінді. Мәселен, «Күлкілі өмір» фильмінде қоғамдағы парадокстар мен адамдық қатынастар комедиялық жолмен көрсетілсе, «Бір кездегі махаббат» фильмінде махаббат пен жеке таңдау арқылы әйел бейнесін бейнеледі. Бұл күнде өзін басқа салада сынаған Әсем кино сахнасын тастап, жеке кәсіпке көшкенімен, кейбір көрермен оны әлі де іздейді.

Тағы бір талант иесі Роза Тәжібаеваның есімі эпизодтық рөлдер арқылы есте қалды. Ол «Жаңбырдан кейін» фильмінде ауыл өміріндегі күнделікті оқиғалар, «Си-

қырлы аспан» фильмінде жастар мен өмірге деген үмітті шебер бейнелей білді. Дегенмен, Розаның толық өмірбаяны, басқа да деректер жоққа тән. Тек оның рөлдері түскен фильмдердің эмоционалды әсерін арттырғаны белгілі. Сол кезең қазақ киносы үшін ұлттық дәстүр мен кеңестік идеологияны үйлестіретін күрделі кезең болды. Әйел кейіпкерлер көбіне ана, сүйген жар немесе әлеуметтік тұрғыдан шектеулі бейнеде ұсынылды.

Әрине, мұндай қадам жас актрисалардың шығармашылық мүмкіндігін шектеді. Содан келіп көптеген таланттар тек бір-екі

фильмде ғана көрініп, кейін экраннан мүлдем жоғалып кетті.

Тіпті, архив деректері бойынша кей фильмдер толық сақталмаған немесе тек аудио, фото, кескіндер арқылы бар. Бұған қоса, олардың замандастарының естеліктері де шектеулі. Дегенмен, кинотанушылардың айтуынша, Ләйлә Жұмалиева экранда ерекше нәзіктік пен қарапайымдылық көрсетсе, Гүлнар Дәукенова тарихи фильмдерде ұлттық дәстүрді шебер көрсете білді. Ал Салтанат Байсейітова мен Әсем Жұмабекова драмалық және комедиялық рөлдер арқылы көрерменге ерекше әсер қалдырды.

ТҮЙІН:

Қазақ киносында әйел актрисалардың кәсіби өмірі ерлерге қарағанда қысқа болды. Көптеген актриса типтік рөлдерге ғана бекітіліп, ұзақ мансапқа мүмкіндік ала алмады. Сол себепті, Ләйлә Жұмалиева, Гүлнар Дәукенова, Салтанат Байсейітова, Әсем Жұмабекова, Роза Тәжібаева сияқты актрисалар сахнадан кетуге мәжбүр болды. Бүгінгі жас актрисалар үшін бұл ащы да болса маңызды сабақ болу керек. Өйткені, өнер жолында әр талант өз жолын өзі қалыптастырады. Ұмытылған есімдер – әр адамның өмірі мен шығармашылығы, ал кино – олардың тарихын сақтайтын шежіре.